Бекітемін
Мектеп директоры К.Жумабекова

Білім алушылардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл жасау талаптарын сақтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы No 93 бұйрығымен бекітілген үлгілік шартқа сәйкес білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттардың болуы

Озат school жеке мектебінің 2026-27 оқу жылының ата-аналармен жұмыс жоспары

Р/с	Ата-аналар жиналысының тақырыбы	Күні	Жауапты
1	«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ – НӘТИЖЕЛІЛІК КЕПІЛІ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ	21.09.2026	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
2	«ОҚУШЫ ЖЕТІСТІГІ – ҰСТАЗ ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ	01.12.2026	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
3	«ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП – ҚОЛАЙЛЫ БІЛІМ ОРТАСЫ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ	15.03.2027	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар
4	«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ» МЕКТЕПШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ	13.05.2027	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасар

2026-2027 оқу жылы бойынша ата-анамен жүргізілген жұмыс анықтамасы

«БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ – НӘТИЖЕЛІЛІК КЕПІЛІ» МЕКТЕПІШІЛІК ЖИНАЛЫСЫ

Қазіргі білім беру жүйесінде жаңашылдықты енгізу, оқыту әдістерін жетілдіру және білім алушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау – мектеп жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Осы мақсатта мектебімізде білім беру үдерісіндегі жаңа технологияларды тиімді қолдану, мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және оқыту нәтижелілігін жақсарту мәселелерін талқылауға арналған мектепішілік жиналыс өткізілді.

Күн тәртібінде:

- Білім беру үдерісіне инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу;
- Заманауи педагогикалық технологияларды сабақ барысында тиімді пайдалану;
- Цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдану;
- Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Мұғалімдердің авторлық бағдарламалары мен ғылыми-әдістемелік мақалалары;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру;
- Оқу-тәрбие үдерісіндегі тиімді тәжірибелермен бөлісу;
- Білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар;
- Әртүрлі мәселелер.

Жиналыс барысында білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтардың маңызы талқыланып, сабақта оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттігі атап өтілді. Оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, интерактивті тапсырмаларды және цифрлық ресурстарды пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретіні айтылды.

Сонымен қатар мұғалімдердің кәсіби дамуы мен шығармашылық ізденістеріне ерекше назар аударылды. Педагогтердің авторлық бағдарламалар әзірлеуі, ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялауы, оқу-әдістемелік материалдар дайындауы және өз тәжірибелерін әріптестерімен бөлісуі білім беру сапасын жетілдіруге ықпал ететін маңызды жұмыстар ретінде қарастырылды.

Жиналыста оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлауын жетілдіру және алған білімдерін өмірде қолдана білуіне жағдай жасау мәселелері де талқыланды. Мұғалімдерге жаңашыл әдістерді жүйелі қолдану, тиімді тәжірибелерді сабақ үдерісіне енгізу және білім алушылардың оқу жетістіктерін тұрақты бақылау ұсынылды

Қорытынды: Жиналыс нәтижесінде білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізу, мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік жұмыстарын жандандыру, авторлық бағдарламалар мен әдістемелік материалдар әзірлеуді қолдау және озық педагогикалық тәжірибелерді тарату бағытындағы жұмыстарды жалғастыру қажеттігі белгіленді. Білім берудегі жаңашылдық – сапалы білім мен нәтижелі оқытудың маңызды кепілі екені атап өтілді.